**«№ 3Хромтау орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

**ХАТТАМА № 4**

**Өтетін күні:** 14 қыркүйек , 2022 жыл

**Қатысқандар:** Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-ана, жергілікті мекеме қызметкерлері

**Күн тәртібінде:**

1.Мектепің жазғы жөндеу жұмыстары мен жаңа оқу жылына дайындығы

2.2022-2023 оқу жылы «Мектепке жол» акциясының қорытындысы

3. Мектептегі жекеленген санаттағы балалар құрамын анықтау, асханадағы ыстық тамақты ұйымдастыру жағдайы.

**1. Мектеп директоры Ш.Т.Отаров -** Мектепің жазғы жөндеу жұмыстары мен жаңа оқу жылына дайындығы. Жазғы демалыста мектептің акт залына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы жоспарланған жөндеу жұмыстары толық жүзеге асырылды– деп барлық атқарылған жұмыстарды айтып өтті.

Тыңдалды: әлеуметтік педагог - Исмагулова Ж.С

2022-2023 оқу жылы «Мектепке жол» акциясының қорытындысы

"Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету мақсатында өткізілді. Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға кез келген адам көмектесе алады. Осылайша, әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауының алдын аламыз. Сынып жетекшілердің тарапынан толтырылған әлеуметтік паспорт негізінде мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың тізімдері жасалды. Акция барысында демеушілер тарапынан жасалған көмектерді атап өтті.

1. Хромтау ауданы әкімінің орынбасары Қабыл М.Р- 1 оқушыға 29 000 теңгеге /жиырма тоғыз мың/ мектеп формасы мен спорттық форма.

2.Мектеп директоры Отаров Ш.Т бір оқушыға 22 000 теңгеге /жиырма екі мың/ спорттық форма мен рюкзак

3.Полиция бөлімінің бастығының міндетін атқарушы Полиция Подполковнигі Утегенов А.Е , Криминалдық полиция тобының аға жедел уәкілі-Казгулов А.Б 40 мың /қырық мың / теңгеге 1 оқушыға мектепке қажетті киім.

4."Дөң Тау-Кен байыту комбинатының" кәсіподақ ұйымы 5 оқушыны 161 000 мың /жүз алпыс бір мың/ теңгеге мектепке қажетті барлық киімдерімен қамтамасыз етті.

5.Хромтау аудандық Орталық сауда үйінің директоры Калаида Т.Т 113 000 мың теңгеге/жүз он үш мың / 5 оқушыны қажетті мектеп формасымен қамтамасыз етті.

6. Ауданымыздағы "МЕГА АРЗАН" дүкені 1 оқушыны 46 мың теңгеге /қырық алты мың / мектепке қажетті барлық киім-кешектерімен қамтамасыз етті.

7.Имекешева Құралай Мардановна 1 оқушыға 40 мың теңгеге /қырық мың / көмек көрсетті.

8.Аудандық аурухана қызметкерлері 1 оқушыға спортық форма мен блузка алып берді. 20 мың теңге/жиырма/.

8.Аудандық полиция қызметкерлері 3 сынып оқушысына мектеп формасын алып берді. 10 000 теңге. 10 сынып оқушысы мен 6 сынып оқушысына 40 мың теңгеге Аудандық білім бөлімінен көмек көрсетілді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Ергазин Р.С 9 сынып оқушысына спорттық форма мен мектеп формасын алып берді.

25 000 теңге /жиырма бес мың/ "Мектепке жол" қайырымдылық акциясы аясында барлығы 25 оқушы қамтамасыз етілді.731 000 теңге /жеті жүз отыз бір мың теңге/. Мектебіміздің 23 оқушы мемлекеттік әлеуметтік көмек алды. Әр балаға 37 мың /отыз жеті мың/ теңге ата-аналардың счеттарына аударылды.

**Оқушылардың мектеп формасын тіктіруге демеушілік жасағандар:**

Халық партиясынан 65 000 теңге /алпыс бес мың/ , Бадигул Нагидоллевна 10000 теңге /он мың/, Ерназарқызы Назипа 20000 теңге /жиырма мың/, Полиция қызметкерлерінен 30000 теңге /отыз мың/

**Сөз алғандар:** Марал Кансултанович - демеушілер тарапынан берілген көмекке әлеуметтік жағдайы орташа балалар толық қамтылды ма?

- Жазира Сакеновна – Жоғарыда аталған оқушылар мектеп формасымен, оқу құралдарымен қамтылды. Алдағы уақытта балалардың күзгі, қысқы киімдермен қамтамасыз ету жыл бойы қарастырылады.

3.ДТІЖО -Кулумгарина Р.Ж.

Мектептегі жекеленген санаттағы балалар құрамын анықтау, асханадағы ыстық тамақты ұйымдастыру жағдайы. 2022-2023 оқу жылына атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан сондай-ақ, мемлекеттік атаулы көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар және жетім балалар , төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар және өзге де санаттағы білім алушылар қаржылай және материалдық көмек алуға құжат тапсырды. Тапсырылған құжаттарды төмендегідей құрамдағы комиссия мүшелері анықтады. Комиссия төрағасы мектеп директоры Отаров Ш.Т мүшелері: Кулумгарина Р.Ж.-ДТІЖО , Исмагулова Ж.С-әлеуметтік педагог, Жұмабаев С.М-кәсіподақ төрағасы, Қазбаева А.З-бас есепші , Нұрмағамбетова А.С-педагог-психолог, Сапина А-ата-ана. Табыс көзі жан басына шаққанда ең төмен отбасы балаларына 37389 теңге /отыз жеті мың үш жүз сексен тоғыз/ мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік көмек берілді. 23 оқушының ата-анасы табыс көзі төмен екенін дәлелдейтін құжаттар тапсырды. Оның ішінде 7 оқушы АӘК алатын отбасы балалары. Жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған балалар саны-24. Комиссия мүшелері ас блогының, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру сақтау шарттарын өнімдерді өткізу мерзімдерін асхананың құрал-жабдықтарының жарамдылығын ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауына бақылау жүргізетіндігін қосымша атқарылатын жұмыстармен және брокираждық комиссияның құрамымен , жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды.

Сөз алғандар: Қуандық Есболсынұлы – тегін ыстық тамақпен қамтылған балалардың уақытылы тамақтануын бақылау жауапкершілігі мектеп әкімшілігіне міндеттеле ме?

- Рахия Жарасхановна -мектептің ішкі тәртіп ережесінде көрсетілген әкімшілік кезекшілік кестесі құрылып, аптасына бір рет кезекшілік міндетін атқарады.

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Мектепің жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деңгейде.

2.2022-2023 оқу жылы «Мектепке жол» акциясы жоғары деңгейде жүргізілген.

3. Мектеп асханасындағы жекелеген санаттағы білім алушылардың ыстық тегін тамақпен қамтылу жағдайы комиссия тарапынан бақылансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Кеукенова Гульмира Нагашыбаевна

Хатшы: Жолдыбаева Г.Ж

Қамқоршылық кеңес мүшелері: Реймов Қуандық Есболсынұлы

Ситекенов Оңдасын

Мырзагельдин Қуаныш Таңжарықұлы

Амангалиева Нургул Жолмұратқызы

Биржанов Марал Кансултанович

Курманбаев Ардақ Бақтыбаевич

Касенова Алмагуль Ербулатовна

Бримжанова Альбина